## Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесіне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы № 123 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 9-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. 2015 жылғы 14 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының № 29 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестер тізбесінің VII бөлімі мынадай мазмұндағы $38^{2}$-тармақпен толықтырылсын:

| | |
|---|---|
| "$38^{2}$. Еуразиялық экономикалық одақтың химиялық заттектер мен қоспалар тізілімін қалыптастыру және жүргізу | 2027 жылдың I тоқсаны". |

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап 30 күнтізбелік күн өткен соң күшіне енеді.

| | |
|---|---|
| *Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының төрағасы* | *Б. Сағынтаев* |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК